Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) (*бұдан әрі - Стандарт*), Үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы) (*бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар*), Үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) (*бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама*), сондай-ақ Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тапсырмаларына және білім беру саласындағы өзге де бағдарламалық және стратегиялық құжаттарға сәйкес әзірленді

Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 1-апта
Мад 5 -жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **31.08.2026**	**Сейсенбі** **01.09.2026**	**Сәрсенбі** **02.09.2026**	**Бейсенбі** **03.09.2026**	**Жұма** **04.09.2026**
Балаларды қабылдау	**«Көңіл күйім қандай?» –** жылы амандасу, өз есімін және көңіл күйін толық сөйлеммен айту. Бір-бірінің көңіл күйін тыңдап, еркін қарым-қатынас жасауға жағдай туғызу. **«Достарыммен біргемін» –** құрдастарымен амандасу, досының есімін атап, «Менің досым қандай?» тақырыбында қысқаша әңгімелесу. Бір-біріне жылы сөз айту.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кеңес: 4 жастағы баланың балабақшаға бейімделуі. Әңгіме: Баланың еркін ойынын қолдау. Кеңес: Үйде табиғатты аялау дағдыларын қалыптастыру. Әңгіме: Кітапты бірге оқудың пайдасы.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**Академиялық адалдық «Өз еңбегім – өз нәтижем» Міндеті:** тапсырманы өздігінен және адал орындауға, өзгенің еңбегін құрметтеуге, нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға үйрету. **Барысы:** әр бала табиғи материалдардан өз жұмысын құрастырады. Досының жұмысын	**Ұлттық құндылық «Асық – ұлттық мұра» Міндеті:** ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру, әділдік, сыйластық, ережені сақтау қасиеттерін қалыптастыру. **Барысы:** асықтарды түсі мен көлеміне қарай топтайды, санайды. «Асықты дәл	**Таза Қазақстан зерттеу еңбек «Жасыл қамқоршылар» Міндеті:** өсімдіктерге күтім жасау, табиғи ресурстарды үнемдеу және зерттеу арқылы экологиялық мәдениетін дамыту. **Барысы:** өсімдіктердің жағдайын бақылайды,	**Ұлттық құндылық адалдық «Адал еңбек – жақсы іс» Міндеті:** еңбекқорлық, адалдық, жауапкершілік және өзара көмек құндылықтарын қалыптастыру, ортақ іске үлес қосуға баулу. **Барысы:** балалар шағын топтарға бөлініп, «Киіз үйді реттейік», «Ұлттық бұйымдарды

		көшірмей, өз идеясын қолданады. Соңында «Мен өзім не жасадым?» деп жұмысын таныстырады. **Орындалуы:** тапсырманы өздігінен орындайды, өз және құрдастарының еңбегін әділ бағалауға талпынады.	түсір» қарапайым ойынын кезекпен ойнайды. Әр бала ойын нәтижесін адал айтады, жеңген досын құттықтайды. **Орындалуы:** асықты ұлттық құндылық ретінде таниды, ойын ережесін сақтайды, кезек күтеді және нәтижені әділ қабылдайды.	құрғақ және ылғалды топырақты салыстырады. Қажет өсімдіктерді суарып, қураған жапырақтарды жинайды. «Суды неге үнемдейміз?» сұрағы талқыланады. **Орындалуы:** өсімдікке қажетті күтімді анықтайды, суды мөлшермен пайдаланады, еңбек әрекетіне жауапкершілікпен қатысады.	орналастыр», «Ойын орнын жинақта» тапсырмаларын орындайды. Әр бала өзіне берілген міндетті өзі аяқтайды. Соңында «Мен қандай еңбек атқардым?», «Досыма қалай көмектестім?» сұрақтары арқылы қорытынды жасалады. **Орындалуы:** ортақ еңбекке қатысады, өз міндетін адал орындайды, ұлттық бұйымдарға құрметпен қарап, құрдастарының еңбегін бағалайды.
Таңертенгі жаттығу		**№1 «Көңілді сап»**: бірінің артынан бірі жүру; бірқалыпты жүгіру; қолды жоғары созу; қос аяқпен секіру.	**№2 «Шымыр бала»**: аяқ ұшымен жүру; тізені жоғары көтеру; отырып-тұру; музыкалық ырғақпен қимылдау.	**№3 «Шымыр бала»**: аяқ ұшымен жүру; тізені жоғары көтеру; отырып-тұру; музыкалық ырғақпен қимылдау.	**№4«Қозғалыс әлемі»**: бірқалыпты жүру-жүгіру; қолды екі жаққа созу; еңкею; орнында қос аяқпен секіру.
Таңғы ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**Қимылды ойын:** «Өз орныңды тап». Белгі бойынша қозғалып, өз орнын табуға жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын:** «Біреу – көп». Заттарды санына қарай ажыратып, «біреу», «көп» ұғымдарын бекіту.	**Зерттеу ойыны:** «Ұзын – қысқа». Екі затты ұзындығы бойынша салыстыруға үйрету.	**Танымдық ойын:** «Үшбұрышты тап». Заттардың арасынан үшбұрыш пішінді тауып, көрсетуге жаттықтыру.

Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Дене тәрбиесі Тақырыбы: «Менің балабақшам және мамандықтар» Міндеті:** балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалауға, диалог жүргізуге, жиындарды белгілеріне қарай топтастыруға және қимыл жаттығуларын қауіпсіз орындауға үйрету. **Барысы:** педагогтің ауызша нұсқауымен жануарлардың қозғалысына еліктеу, тізбекпен жүру, заттарды аттап өтіп тепе-теңдік сақтау. **Тіл дамыту:** «Балабақшада кім жұмыс істейді?» диалогі; тәрбиеші, аспаз, дәрігер, аула сыпырушы туралы сөйлемдер құрау; **б-п** дыбыстарын анық айту, дыбыстың сөздегі орнын анықтау. **Математика:** мамандық құралдарын қолданылуы, түсі, өлшемі бойынша жиындарға біріктіру, жиынды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру. **Қоршаған әлем:**	**Дене тәрбиесі: Тақырыбы: «Ертегі әлеміне саяхат» Міндеті:** ойын түріндегі дене жаттығуларын ауызша нұсқау бойынша орындауға, көркем шығарманы эмоционалды қабылдап, мазмұнын ретімен айтуға, жиынды бөліктерге бөлуге, жануарлардың ерекшеліктерін тануға үйрету. **Барысы:**«Орман жануарлары» жаттығуы – қоянша екі аяқпен секіру, аюша жүру, түлкіше жеңіл қозғалу; педагогтің нұсқауын көзбен бағдарлай отырып орындау. **Көркем әдебиет:** жануарлар туралы қысқа ертегі оқу; оқиғалардың ретін анықтау, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалау, «Саған қай кейіпкер ұнады? Неліктен?» сұрақтарына жауап беру. **Математика:** жануарларды түсі,	**Дене тәрбиесі: Тақырыбы: «Күзгі табиғат» Міндеті:** күз белгілері туралы әңгімелеуге, көркем шығарманың мазмұнын түсініп айтуға, сөздерді дыбыстық талдауға, ауызша нұсқаумен қимыл жаттығуларын орындауға үйрету. **Барысы:** «Ормандағы жануарлар» ойыны – педагогтің ауызша нұсқауы бойынша қоянша секіру, аюша жүру, түлкіше жеңіл қозғалу; көзбен бағдарлау. **Көркем әдебиет:** күз туралы өлеңді эмоционалды қабылдау, өлең жанрын ажырату, күзді сипаттайтын көркем сөздерді табу, мазмұны бойынша пікір білдіру. **Сауат ашу:** «күз», «жапырақ» сөздеріне дыбыстық талдау жасау; дыбыстардың ретін анықтап, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; тігінен және көлденең сызықтарды үлгі бойынша жүргізу. **Қазақ тілі:** күз	**Музыка: Тақырыбы: «Күзгі бақ» Міндеті:** күзгі табиғатты шығармашылықпен сипаттауға, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, табиғат бейнесін түстерді үйлестіріп салуға, құрылыс материалдарынан бақ көрінісін құрастыруға және музыка сипатын қимылмен жеткізуге үйрету. **Барысы:** «Күзгі серуен» – музыканың сипатына сәйкес ырғақты, ширақ жүру, музыка өзгергенде қимылды өзгерту. **Тіл дамыту:** күзгі бақ суреті бойынша шығармашылық әңгіме құрау; **б-п, г-ғ** дыбыстарын анық айту, дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында орналасуын анықтау. **Сауат ашу:** «бақ», «алма», «жапырақ» сөздерін дыбыстық талдау, дауысты-дауыссыз дыбыстарды ажырату; тігінен және көлденең

		балабақша қызметкерлерінің еңбегі, еңбектің нәтижесі мен маңызы туралы әңгімелесу. **Орындалуы:** тізбекпен қауіпсіз жүреді, б-п дыбыстарын ажыратады, мамандықтарды атайды, құралдарды топтастырады, еңбек адамдарына құрмет білдіреді.	өлшемі, қимылы бойынша жиындарға біріктіру; жиынды бөліктерге бөліп, қайта біріктіру; бүтін мен бөлікті салыстыру. **Қоршаған әлем:** Қазақстанда мекендейтін жануарлар мен төлдерін атау, өзіне тән белгілері бойынша ажырату. **Орындалуы:** жануарлардың қозғалысына еліктейді, ертегі мазмұнын ретімен айтады, кейіпкер әрекетіне пікір білдіреді, жиынды топтастырады, жануарлар мен төлдерін ажыратады.	белгілерін сурет бойынша 3–4 сөйлеммен әңгімелеу; «Күзде күн салқындайды. Жапырақтар сарғаяды» сияқты сөйлемдер құрау, сұрақтарға толық жауап беру. **Орындалуы:** нұсқауды орындайды, күз белгілерін атайды, шығарма мазмұнын түсінеді, сөзге дыбыстық талдау жасайды, сурет бойынша сөйлемдер құрайды.	сызықтар жүргізу. **Сурет салу:** «Күзгі бақ» – ағаштарды әртүрлі қалыпта бейнелеу, акварельді сумен араластырып қажетті түстерді алу. **Құрастыру:** конструктор бөлшектерінен «Күзгі бақ» композициясын топпен құрастыру. **Орындалуы:** музыкаға сай қозғалады, сурет бойынша әңгімелейді, дыбыстарды ажыратады, табиғат бейнесін салады, құрдастарымен бірлесіп құрылыс құрастырады
Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				

Серуен		**Серуен картотекасы№2 «Жел қайдан соғады?» Міндеті:** жел туралы түсініктерін кеңейтіп, табиғат құбылыстарын бақылауға қызығушылығын арттыру. **Бақылау:** ағаш жапырақтарының, шөптің қозғалысы арқылы желдің бар екенін анықтау. **Жасыл ел:** аула тазалығын сақтау, ұшқан қағаз-қоқысты арнайы орынға жинау туралы әңгімелесу. **Еңбек:** алаңдағы ұсақ бұтақтар мен жапырақтарды жинау. **Зерттеу тәжірибесі:** «Желді көре аламыз ба?» – жеңіл таспа мен қағазды желге ұстап, олардың қозғалысын бақылау. **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар».	**Серуен картотекасы№3 «Көліктерді бақылаймыз» Міндеті:** көлік түрлерін танып, атауға және жолда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға үйрету. **Бақылау:** қауіпсіз жерден көшедегі жеңіл және жүк көліктерінің қозғалысын бақылау, олардың қызметін салыстыру. **Жасыл ел:** көше мен аулаға қоқыс тастамаудың қоршаған орта тазалығы үшін маңызын түсіндіру. **Еңбек:** серуен алаңындағы ойыншықтарды жинап, белгіленген орынна ретімен орналастыру. **Зерттеу тәжірибесі:** «Не тез қозғалады?» – ойыншық көліктерді тегіс және кедір-бұдыр бетпен жүргізіп, қозғалысын салыстыру. **Қауіпсіздік:** жолға шықпау, көлікті тек қауіпсіз жерден бақылау. **Қимылды ойын:** «Бағдаршам».	**Серуен картотекасы№4 «Төрт түлік – адамға пайдасы» Міндеті:** төрт түлік пен оның төлдері, қоректенуі, қозғалысы және адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. **Бақылау:** жануарлар бейнеленген карточкалар арқылы жылқы–құлын, сиыр–бұзау, қой–қозы, түйе–ботаны сәйкестендіріп, қимылдарын әңгімелеу. **Жасыл ел:** жануарларға қамқорлықпен қарау, оларды қорқытып, мазаламау туралы әңгіме. **Еңбек:** құстарға арналған орынға жем салуға көмектесу. **Зерттеу тәжірибесі:** «Жүн жылуды сақтай ма?» – мата мен жүнді ұстап көріп, қасиеттерін салыстыру. **Қимылды ойын:** «Төлін тап».	**Серуен картотекасы№5 «Таза аула – ортақ іс» Міндеті:** еңбекке оң көзқарас қалыптастырып, қоғамдық орында тәртіп пен тазалықты сақтауға тәрбиелеу. **Бақылау:** балабақша ауласының тазалығын қарап, таза және күтімді ортаның адамға пайдасын талқылау. **Жасыл ел:** «Табиғатқа ізгі іс» – қоқысты шашпау, өсімдіктерді қорғау, суды босқа ағызбау ережелерін бекіту. **Еңбек:** балаларға қауіпсіз құралдармен алаңды ретке келтіру, жапырақтарды жинау. **Зерттеу тәжірибесі:** «Қай зат табиғи?» – тас, жапырақ, бұтақ және жасанды материалдарды салыстырып, топтастыру. **Мінез-құлық ережесі:** ортақ ауладағы заттарға ұқыпты қарау, еңбекті құрметтеу. **Қимылды ойын:** «Таза алаң».
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру.				

	Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы		**«Әлди, әлди, ақ бөпем» Міндеті:** ұлттық мұра арқылы балалардың сөзді есту, түсіну дағдыларын және эмоционалдық тыныштығын қалыптастыру. **Барысы:** ұйқы алдында бесік жырын баяу дауыспен тыңдату. Жырдағы таныс сөздерге назар аударып, мағынасын қысқаша түсіндіру. Балаларды тыныштық сақтап, әуенді соңына дейін тыңдауға дағдыландыру.	**«Өлең тыңдап тынығамыз» Міндеті:** көркем сөзге қызығушылығын арттырып, дыбыстарды анық есту мен сөздерді дұрыс қабылдауын дамыту. **Барысы:** қазақстандық балалар ақындарының жас ерекшелігіне сай қысқа өлеңін мәнерлеп оқу. Балалар өлеңнен есте қалған сөздерді айтып, мазмұны бойынша қысқа сұрақтарға жауап береді. Соңынан тыныс алу жаттығуы орындалып, ұйқыға дайындалады.	**«Кітаптан келген кейіпкер» Міндеті:** диалогтік сөйлеуді, сұраққа толық жауап беру дағдысын және әдеби шығармаға қызығушылығын дамыту. **Барысы:** таныс ертегі кітабынан бір кейіпкердің суретін көрсету. «Бұл кім?», «Ол қандай?», «Не істеді?» сұрақтарымен қысқа әңгіме жүргізу. Кейіпкер туралы шағын үзінді оқылып, балалар тыныш ұйқыға дайындалады.	**«Жақсы сөзбен тәтті ұйқы» Міндеті:** балалардың ауызша сөйлеуін, жағымды сөздерді орынды қолдануын және эмоционалдық жайлылығын дамыту. **Барысы:** «Жылы сөз айт» ойынында балалар «қайырлы күн», «рақмет», «досым», «жақсы демал» сияқты жағымды сөздерді қайталайды. Қысқа мейірімді әңгіме немесе ертегі оқылып, тыныш әуенмен демалуға жағдай жасалады.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу.				

	Тамақтан кейін алғыс айту.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы: «Жемістер бағы» Міндеті:** балалардың шығармашылық қиялын дамытып, жемістердің пішіні, көлемі мен түсін бейнелеуде әртүрлі тәсілдерді қолдануға үйрету. **Сурет салу:** «Алма мен алмұрт бағы» – жеміс ағаштарын қайталап салып, жемістерді көлеміне қарай орналастыру, суретті күн, бұлт, шөп бейнелерімен толықтыру. **Мүсіндеу:** «Жеміс салынған табақ» – ермексазды домалату, созу, жалпақтау тәсілдерімен алма, алмұрт, жүзім мүсіндеу. **Жапсыру:** «Жемістер салынған себет» – дайын жеміс пішіндерін қиып, көлемі мен түсіне қарай үйлестіріп орналастыру және жапсыру.	**Тақырыбы: «Ертегілер әлемі» Міндеті:** ертегі кейіпкерлерін өзіне тән ерекшеліктерімен бейнелеу арқылы шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту. **Сурет салу:** «Менің сүйікті кейіпкерім» – ертегі кейіпкерін өзіне тән белгілерімен салып, орман, үй, ағаш бейнелерімен сюжеттік композиция құрастыру. **Мүсіндеу:** «Ертегі кейіпкері» – ермексазды домалату, созу, шымшу және біріктіру тәсілдері арқылы кейіпкер бейнесін мүсіндеу. **Жапсыру:** «Ертегі үйшігі» – түрлі түсті қағаздан геометриялық пішіндерді қиып, оларды үйлестіріп үйшік бейнесін құрастыру және жапсыру.	**Тақырыбы: «Күзгі орман» Міндеті:** табиғат көріністерін бейнелеуге қызығушылығын арттырып, түстерді үйлестіру және қарапайым сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру. **Сурет салу:** «Алтын күз» – әртүрлі көлемдегі ағаштарды салып, сары, қызыл, қоңыр түстерді үйлестіру, жерге түскен жапырақтарды бейнелеу. **Мүсіндеу:** «Ормандағы саңырауқұлақтар» – ермексазды домалату, жалпақтау және созу тәсілдерімен үлкен және кіші саңырауқұлақтарды мүсіндеу. **Жапсыру:** «Күзгі ағаш» – түрлі түсті қағаздан жапырақ пішіндерін қиып, ағаш бұтақтарына ретімен орналастырып жапсыру.	**Тақырыбы: «Ұлттық бұйымдар» Міндеті:** қазақ халқының ұлттық бұйымдарына қызығушылығын арттырып, ою-өрнек элементтерін шығармашылық жұмыстарда қолдануға баулу. **Сурет салу:** «Оюлы кілем» – қағаз бетіне қарапайым ұлттық ою элементтерін қайталап салып, түстерді үйлестіріп кілемді безендіру. **Мүсіндеу:** «Ұлттық ыдыстар» – ермексазды домалату, жалпақтау, шымшу тәсілдері арқылы кесе мен тостаған мүсіндеп, қарапайым өрнектермен безендіру. **Жапсыру:** «Әдемі тақия» – дайын тақия пішініне түрлі түсті қағаздан ою элементтерін қиып, симметриялы орналастырып жапсыру.	**Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» Міндеті:** құстардың дене ерекшеліктерін бейнелеу, әртүрлі материалдармен шығармашылық жұмыс жасау және табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру. **Сурет салу:** «Ағаштағы құстар» – бірнеше құсты әртүрлі қалыпта салып, ағаш бұтағы, күн, бұлт бейнелерімен сюжеттік композиция жасау. **Мүсіндеу:** «Кішкентай құс» – ермексазды домалату, созу, шымшу және біріктіру арқылы құстың денесі, басы, қанаты мен құйрығын мүсіндеу. **Жапсыру:** «Құстарға арналған ұя» – қағаздан қысқа және ұзын жолақтар мен қажетті пішіндерді қиып, оларды ретімен орналастырып ұя бейнесін жапсыру.

Балалармен жеке жұмыс		**«Тыңда да айт»** – қысқа өлең жолын тыңдатып, таныс сөздерді қайталату, анық сөйлеуге жаттықтыру. *Махсет Еламан*	**«Сиқырлы суреттер»** – заттың түсін, пішінін және көлемін атап, сөздік қорын молайту. *Асылбек Аяла*	**«Менің досым»** – досы туралы қарапайым 2–3 сөзден тұратын сөйлем айтқызу, қарым-қатынас тілін дамыту. *Бейсетбай Ғани*	**«Сөйлемді аяқта»** – «Мен балабақшаға...», «Маған ... ұнайды» сияқты қарапайым сөйлемдерді аяқтауға жаттықтыру. *Рысдаулет Айсұлтан*
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен		**Серуен картотекасы кешкі №7 «Ағаштарды тамашалаймыз»** – ағаштардың жапырағы мен бұтақтарын қарау, табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру. **Қимылды ойын:** «Ағашқа қарай жүгір». **Еңбек:** түскен жапырақтарды жинау. **Қауіпсіздік:** бұтақтарды сындырмау, ағашқа өрмелемеу.	**Серуен картотекасы кешкі №8 «Желмен ойнаймыз»** – желдің әсерін лента, жапырақ қозғалысы арқылы байқау. **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар». **Еңбек:** алаңдағы ойын құралдарын реттеу. **Қауіпсіздік:** тәрбиешіден алыс кетпеу, заттарды лақтырмау.	**« Серуен картотекасы кешкі №9 Құмдағы іздер»** – құмда аяқ пен ойыншықтардың қалдырған іздерін бақылау. **Қимылды ойын:** «Ізбен жүр». **Еңбек:** күрекше мен қалыптарды жинау. **Қауіпсіздік:** құмды бір-біріне шашпау, көзге тигізбеу.	**Серуен картотекасы кешкі №6 «Табиғат достарымыз»** – ауладағы өсімдіктер мен құстарды бақылап, табиғатты аялауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Құстар ұшады». **Еңбек:** серуен соңында алаңды ретке келтіру. **Қауіпсіздік:** құстарды қумау, белгісіз заттар мен өсімдіктерді ұстамау.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және		**Буллингтің алдын алу «Досымды ренжітпеймін» Міндеті:** құрдастарымен сыйластық қарым-қатынас орнатуға,	**Қауіпсіздік «Өрт кезіндегі дұрыс әрекет» Міндеті:** өрттің қауіпті екенін түсіндіру, өрт қауіпсіздігі ережелерін	**Заң және тәртіп «Ортақ ережені сақтаймыз» Міндеті:** ортақ тәртіп пен ережелердің маңызын түсінуге, өзгенің	**Қауіпсіздік «Жануарға қамқорлық және қауіпсіздік» Міндеті:** жануарларға қамқорлықпен қарауға және таныс, бейтаныс

басқалары)		келіспеушілікті күш қолданбай шешуге, өзгенің сезімін түсінуге баулу. **Барысы:** «Досымның көңіл күйі қандай?» ойынында эмоцияларды ажыратады. «Ойынға қоспай қойды», «Екі бала бір ойыншықты қалады», «Досыңды біреу мазақтады» жағдаяттарын талқылайды. Кезек күту, бөлісу, кешірім сұрау, көмекке шақыру әрекеттерін рөлдік ойынмен көрсетеді. **Орындалуы:** құрдасын ренжітпеуге, мазақтамауға, мәселені сөзбен шешуге талпынады, қажет жағдайда ересектен көмек сұрайды.	және төтенше жағдайда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** «Қауіпті – қауіпсіз» ойынында сіріңке, оттық, үтік, электр құралдары мен қауіпсіз тұрмыстық заттарды ажыратады. «Бөлмеден түтін көрсең не істейсің?» жағдаяты талқыланады. От пен түтінді көргенде жасырынбай, қауіпсіз жерге шығып, ересекке дереу хабарлау керектігі бекітіледі. **Орындалуы:** отпен ойнауға болмайтынын біледі, өрт қаупін тудыратын заттарды ажыратады, қауіп төнген жағдайда ересекке хабарлау қажеттігін түсінеді.	құқығы мен пікірін құрметтеуге, мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. **Барысы:** «Дұрыс па, бұрыс па?» ойынында кезексіз алу, итеру, өзгенің сөзін бөлу, рұқсат сұрау, алғыс айту әрекеттерін бағалайды. «Ойын алаңындағы ереже» рөлдік ойынында кезек сақтау, ортақ ойыншықты бөлісу, досының пікірін тыңдау әрекеттерін орындайды. **Орындалуы:** топтағы ортақ ережелерді атайды, сыпайы сөздерді қолданады, кезек сақтап, өзгенің пікірін тыңдауға және құрметтеуге талпынады.	жануарлармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. **Барысы:** «Не істер едің?» ойынында көшедегі бейтаныс ит, тамақтанып жатқан жануар, күшігі бар ит, үй жануары сияқты жағдаяттар қарастырылады. Жануарға рұқсатсыз жақындамау, мазаламау, қорқытпау, тамақ бермеу және қауіп байқалса ересекке хабарлау керектігі талқыланады. Үстел үсті ойыны: «Қауіпсіз әрекетті таңда». **Орындалуы:** жануарларға зиян келтірмеу керектігін түсінеді, бейтаныс жануарға жақындамайды, қауіпсіз әрекетті таңдап, қажет жағдайда ересектен көмек сұрайды.
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.	Қауіпсіз серуен туралы еске салу.	Апталық жетістіктері туралы ата-анамен қысқаша пікір алмасу.

Тәрбиеші: Назым Кайсановна

Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 2-апта
Ересек 5-жас

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.09.2026	Сейсенбі 08.09.2026	Сәрсенбі 09.09.2026	Бейсенбі 10.09.2026	Жұма 11.09.2026
Балаларды қабылдау	**«Табиғат бізбен сөйлеседі» –** табиғат нысандарының суреттерін қарап, ағаш, гүл, жапырақ, бұлт, күн туралы сипаттап айту. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **«Кітаптар әлемінде» –** таныс кітаптарды бірге қарап, кейіпкерлерді атау, олардың іс-әрекеті туралы пікірін айту. «Саған қай кейіпкер ұнайды?» сұрағына жауап беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Кеңес:** Баланың балабақшадағы күн тәртібіне бейімделуіне көмектесу. **Әңгіме:** Баланың таңертеңгі көңіл күйіне назар аудару **Әңгіме:** Баланың құрдастарымен достық қарым-қатынасын қолдау. **Кеңес:** Үйде баланы өз бетінше әрекет етуге ынталандыру				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Таза Қазақстан «Табиғатқа қамқор болайық» Міндеті:** табиғи ортаны таза ұстауға, өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. **Барысы:** балалар ауладағы өсімдіктерді бақылап, қураған жапырақтарды	**Академиялық адалдық «Әділ шешім» Міндеті:** адалдық, әділдік және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, ортақ ережені сақтауға үйрету. **Барысы:** «Қай әрекет дұрыс?» жағдаяттық ойыны өткізіледі. Балалар «кезексіз алу», «досының жұмысын өзінікі деу», «тапқан затты иесіне	**Ұлттық құндылық «Ұлттық бұйымдар сыр шертеді» Міндеті:** ұлттық мұраға қызығушылығын арттыру, қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарын танып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. **Барысы:** домбыра, бесік, сандық, қамшы, текемет суреттерін	**Таза Қазақстан «Қалдықтарды сұрыптаймыз» Міндеті:** қоршаған ортаны ластамау, қалдықтарды ажырату және сұрыптау туралы бастапқы экологиялық түсінігін кеңейту, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. **Барысы:** қауіпсіз әрі	**Еңбек , ұлттық құндылық , академиялық адалдық «Шебер қолдар» Міндеті:** қол еңбегіне қызығушылықты арттыру, ұлттық ою-өрнектерді құрметтеу, өз жұмысын адал орындауға және өзгенің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Барысы:** балалар дайын ұлттық

	жинайды, гүлдердің айналасын реттейді. Жапырақтарды арнайы орынға сұрыптап жинайды. **Орындалуы:** табиғатқа қамқорлық танытады, тазалық жұмысына қатысады, еңбек құралдарын орнына қояды.	қайтару», «өз қатесін мойындау» жағдайларын талқылайды. **Орындалуы:** адал әрекетті ажыратады, өз ойын түсіндіреді, ортақ ережені сақтауға талпынады.	қарастырады. «Бұйымды тап» ойынында атауына сәйкес суретті таңдап, не үшін қолданылатынын айтады. **Орындалуы:** ұлттық бұйымдарды атайды, олардың қолданылуы туралы қарапайым түсінік береді, ұлттық мұраға құрмет көрсетеді.	таза қағаз, пластик және табиғи материалдардың үлгілерін тиісті белгісі бар жәшіктерге сұрыптайды. «Қай жәшікке саламыз?» ойыны ұйымдастырылады. **Орындалуы:** материалдарды ажыратып, тиісті орынға орналастырады, жұмыс орнын таза қалдырады.	ою элементтерін пайдаланып шағын бұйымды безендіреді. Ә бала өз жұмысын өзі орындайды, құралдарды ортақ пайдалану кезінде кезек сақтайды. Соңынд жұмыстарын таныстырып, бір-бірінің еңбегіне жағымды пікір айтады. **Орындалуы:** тапсырманы өздігінен аяқтайды, ұлттық оюларды таниды, құралдарды ұқыпты қолданып, құрдастарының еңбегін құрметтейді.
Таңертенгі жаттығу	**№6 «Шапшаң қадам»**: бірқалыпты жүру; өкшеден аяқ ұшына ауысып жүру; тізені жоғары көтеру; қолды алға және жанға созу; жартылай отырып-тұру; қос аяқпен оңға-солға секіру.	**№7 «Епті бүлдіршін»**: саппен жүру; бағытты өзгертіп жүру; аяқ ұшымен жүру; жеңіл жүгіру; қолды жоғары көтеріп керілу; денені оңға-солға бұру; алға қарай қос аяқпен секіру.	**№8 «Көңілді жаттығу»**: шеңбер бойымен жүру; өкшемен және аяқ ұшымен кезектесіп жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; қолды иыққа қойып айналдыру; алға еңкею; отырып-тұру; аяқтарды бірге және алшақ қойып секіру.	**№9 «Шымыр аяқтар»**: бірінің артынан бірі жүру; ирек жолмен жүру; бірқалыпты жүгіру; қолды екі жаққа созып денені бұру; аяқ ұшына көтерілу; кезекпен оң және сол аяқпен секіру; қос аяқпен секіру.	**№10 «Күшті әрі епті біз»**: саппен жүру; жылдам және баяу қарқында жүру; аяқ ұшымен жүгіру; қолды жоғары-төмен қозғалту; алға және жанға еңкею; жартылай отырып-тұру; қос аяқпен алға және артқа секіру; тыныс алу жаттығуы «Самал жел».
Таңғы ас	Ас алдында қол жуу реттілігін сақтау. Тамақтану кезінде майлықты дұрыс қолдануға және үстел басында тыныш отыруға дағдыландыру				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Саусақ ойыны:** «Біздің отбасы». Саусақ қимылдарын дамыту, отбасы мүшелерін атауға ынталандыру.	**Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр». Белгі бойынша әрекет етуге, қимыл белсенділігін арттыруға жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын:** «Биік – аласа». Заттарды биіктігі бойынша салыстыруға үйрету.	**Тілдік ойын:** «Бұл не?». Таныс заттарды атап, сөздік қорын молайту, анық сөйлеуге ынталандыру.	**Құрастыру ойыны:** «Кішкентай құрылысшылар». Кірпіштерді орналастырып, қарапайым құрылыс жасауға қызығушылығын арттыру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Қазақ тілі:** **«Бір және көп» Міндеті:** сөздерді байланыстырып сөйлем құруға, «бір» сөзінің мағынасын түсінуге, жиын мен оның бөліктерін салыстыруға, заттардың кеңістіктегі орналасуын бейнелеуге және музыканың ширақ сипатын қозғалыспен жеткізуге баулу. **Барысы:** «Не қайда тұр?» ойыны. Көгөністердің орналасуын «Қияр себеттің оң жағында. Қызанақ сол жағында» деп 2–3 сөйлеммен сипаттау. **Математика:** бір көгөніс және бір топ көгөніс арқылы «бір» сөзінің мағынасын түсіндіру; жиынды бөліктерге бөліп,	**Дене тәрбиесі:** **Тақырыбы: «Қауіпсіз жол» Міндеті:** жол қозғалысы ережелерін сақтауға, арнайы көліктерді ажыратуға, 6–7 сандарының пайда болуын түсінуге, сұрақ қойып, жауап беруге және қозғалыс кезінде қауіпсіздік сақтауға баулу. **Барысы:** «Бағдаршам» қимылды ойыны; белгі бойынша жүру, тоқтау, екі аяқпен секіру, секіру кезінде қолды сермеу. **Тіл дамыту:** жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция көліктері туралы диалог; **г-ғ, к-қ** дыбыстарын дұрыс айту, сөздің басы, ортасы, соңынан дыбысты табу. **Математика:** көрнекілік арқылы 6 және 7 сандарының пайда болуын көрсету; 0–7	**Дене тәрбиесі:** **Тақырыбы: «Қауіпсіз жол – сенімді жол» Міндеті:** тізбекпен жүру, екі аяқпен секіру кезінде қауіпсіздікті сақтауға, шығарма мазмұнын түсініп айтуға, 6–7 сандарының пайда болуын меңгеруге, жол қозғалысы ережелерін білуге баулу. **Барысы:** тізбекпен жүру, кедергілерді аттау, тепе-теңдікті сақтау, екі аяқпен секіру кезінде қолды алға сермеу; «Бағдаршам» қимылды ойыны. **Көркем әдебиет:** жол қауіпсіздігі туралы әңгіме оқу; оқиға желісін бірізділікпен қайталап айту, кейіпкердің дұрыс және бұрыс әрекетін бағалау.	**Дене тәрбиесі:** **Тақырыбы: «Көгөністер – дәрумен көзі» Міндеті:** көгөністер туралы білімін кеңейту, жұмбақ шешіп, ойын жүйелі жеткізу, сөздерді буынға бөлу, дене жаттығуларын қауіпсіз орындау дағдыларын дамыту. **Барысы:** тізбекпен жүру, заттарды аттап өту кезінде тепе-теңдік сақтау; екі аяқпен секіру, секіру кезінде қолды алға сермеу. **Көркем әдебиет:** көгөністер туралы жұмбақтар мен шағын өлеңдерді тыңдау; жұмбақ пен өлеңнің ерекшелігін ажырату, жауаптарын дәлелдеу. **Сауат ашу:** «сәбіз», «қияр», «пияз» сөздерін буынға бөлу, буын саны мен ретін анықтау;	**Музыка: Тақырыбы: «Ертегі кейіпкерлері» Міндеті:** шығармашылықпен әңгімелеуге, сөздерді буынға бөлуге, ертегі кейіпкерінің өзіне тән ерекшелігін бейнелеуге, ойдан құрылыс құрастыруға және әнді дұрыс орындауға баулу. **Барысы:** әннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп айту, ырғақтық бейнесін сақтауға жаттықтыру. **Тіл дамыту:** «Ертегіні жалғастыр» ойыны; кейіпкерлердің әрекеттері туралы жеке пікір білдіру; **к-қ, ж-ш** дыбыстарын анық айтуға арналған артикуляциялық жаттығу. **Сауат ашу:** кейіпкерлердің атауларын буындарға

	қайта біріктіру; бүтін жиынның бөліктен үлкен екенін салыстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап беру. **Сурет салу:** «Үстел үстіндегі көгөністер» – заттарды парақта сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде орналастырып бейнелеу. **Музыка:** музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен, баяу бөлігін ырғақты жүріспен беру. **Орындалуы:** байланысты сөйлемдер құрайды, «бір» және «көп» ұғымдарын ажыратады, жиынды бөліктерге бөледі, кеңістікті бағдарлайды және музыка сипатына сәйкес қозғалады.	аралығында тура және кері санау; «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап беру. **Қоршаған әлем:** арнайы көліктердің қызметімен, жаяу жүргіншілер өткелі және бағдаршам белгілерімен танысу. **Орындалуы:** бағдаршам белгісіне сәйкес әрекет етеді, арнайы көліктерді атайды, 7-ге дейін тура-кері санайды, қауіпсіз жол жүру ережелерін түсіндіреді.	**Математика:** 5 затқа бір зат қосу арқылы 6, 6 затқа бір зат қосу арқылы 7 санының пайда болуын көрсету; 0–7 аралығында тура және кері санау; «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап беру. **Қоршаған әлем:** жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, бағдаршам белгілері; жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіру көліктерінің қызметін ажырату. **Орындалуы:** тізбекпен жүреді, кедергілерден қауіпсіз өтеді, 7-ге дейін тура-кері санайды, шығарма кейіпкерінің әрекетін бағалайды, жолдан өту ережесін түсіндіреді.	буындардан ауызша сөз құрау. Көгөністердің дайын суреттерінің сыртын бастыру, қысқа және ұзын сызықтар жүргізу. **Қазақ тілі:** көгөністер туралы жұмбақтарды шешу; таңдаған көгөнісін түсі, пішіні, дәмі бойынша сипаттау; сұрақтарға толық жауап беру. **Орындалуы:** тепе-теңдікті сақтайды, жұмбақ шешеді, көгөністерді сипаттайды, сөздерді буындарға бөледі және буындардан сөз құрастырады.	бөлу, буын саны мен ретін анықтау, берілген буындардан ауызша сөз құрау; қысқа және ұзын сызықтар жүргізу. **Сурет салу:** сүйікті ертегі кейіпкерін өзіне тән ерекшеліктерімен, қарапайым қимыл үстінде салу; қағаз фонын таңдау. **Құрастыру:** «Ертегі кейіпкерінің үйі» – ауызша сипаттау немесе өз ойы бойынша құрылыс материалдарынан құрастыру. **Орындалуы** әнді сипатына сәйкес орындайды, әңгімені жалғастырады, сөздерді буынға бөледі, кейіпкер бейнесін ерекшелігімен салады, өз ойымен құрылыс жасайды.
Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				

Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы№11 «Жаңбырдан кейінгі табиғат» Міндеті:** жаңбыр табиғи құбылысы туралы түсініктерін кеңейтіп, табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету. **Бақылау:** бұлт, дымқыл жер, шалшық, өсімдіктердегі су тамшыларын бақылау. **Жасыл ел:** табиғат аясында тазалық сақтап, шалшыққа қоқыс тастамау туралы түсіндіру. **Еңбек:** алаңдағы қауіпсіз жерлердегі жапырақтарды жинау. **Зерттеу тәжірибесі:** «Су қайда сіңеді?» – суды топырақ пен тасқа аз мөлшерде құйып, қай бетке тез сіңетінін салыстыру. **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр».	**Серуен картотекасы№12 «Ағаштың құпиясы» Міндеті:** ағаштың негізгі бөліктерін ажыратуға, өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Бақылау:** ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын қарап, олардың ерекшеліктерін сипаттау. **Жасыл ел:** ағаш бұтағын сындырмау, қабығын зақымдамау ережесін бекіту. **Еңбек:** ағаш түбіне түскен құраған жапырақтарды жинау. **Зерттеу тәжірибесі:** «Қай қабық кедір-бұдыр?» – бірнеше ағаштың қабығын қолмен сипап, тегіс және кедір-бұдыр қасиеттерін салыстыру. **Қимылды ойын:** «Ағаштар мен балалар».	**Серуен картотекасы№13 «Құстар біздің досымыз» Міндеті:** құстардың тіршілігі мен қозғалысын бақылап, жануарлар әлеміне қамқорлықпен қарауға баулу. **Бақылау:** ауладағы құстардың жүруін, ұшуын, жем іздеуін бақылау. **Жасыл ел:** құстарды үркітпеу, ұяларын бұзбау туралы әңгімелесу. **Еңбек:** жем салатын орынды тазалап, құстарға жем салу. **Зерттеу тәжірибесі:** «Қауырсын қандай?» – қауырсынды қарап, оның жеңіл, жұмсақ қасиеттерін зерттеу, ауаға үрлеп қозғалысын бақылау. **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен автомобиль».	**Серуен картотекасы№13 «Күзгі жапырақтар» Міндеті:** өсімдіктердегі маусымдық өзгерістерді байқап, табиғи материалдарды зерттеуге қызығушылығын арттыру. **Бақылау:** әртүрлі ағаштардың жапырақтарын түсі, көлемі, пішіні бойынша салыстыру. **Жасыл ел:** табиғи материалдарды ұқыпты жинап, тірі өсімдіктерге зиян келтірмеуге үйрету. **Еңбек:** түскен жапырақтарды бір жерге жинап, аула тазалығына көмектесу. **Зерттеу тәжірибесі:** «Құрғақ және дымқыл жапырақ» – екі жапырақты ұстап, иіп көріп, қасиеттерінің айырмашылығын анықтау. **Қимылды ойын:** «Жапырақты тап».	**Серуен картотекасы№14 «Еңбекқор аула қызметкері» Міндеті:** ересектердің еңбегін құрметтеуге, қарапайым еңбек әрекеттеріне қатысуға және қоғамдық орында тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **Бақылау:** аула қызметкерінің жұмысын бақылап, қолданатын құралдарының қызметін атау. **Жасыл ел:** «Тазалықты бірге сақтаймыз» – қоқысты белгіленген орынға тастау, табиғатты ластамау ережелерін бекіту. **Еңбек:** ойын алаңындағы жеңіл табиғи қалдықтарды жинап, ойыншықтарды ретке келтіру. **Зерттеу тәжірибесі:** «Қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл?» - жапырақ, бұтақ, тас сияқты табиғи заттарды қолмен салыстырып зерттеу. **Мінез-құлық ережесі:** өзгенің еңбегін бағалау, ортақ мүлікті бүлдірмеу. **Қимылды**

					ойын: «Кім жылдам жинайды?».
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	**«Ертегіні тыңдайық»** – жасына сай қысқа ертегі оқып беру, таныс сөздер мен кейіпкерлерді еске түсіріп, тыныш ұйқыға дайындау.	**«Өлеңмен тынығамыз»** – табиғат туралы қысқа өлеңді мәнерлеп оқу, балалардың тыңдау дағдысын дамытып, тынығуға жағдай жасау.	**«Таныс ертегі»** – балаларға таныс кітаптағы суреттерді қысқаша қарап, ертегі мазмұнын баяу дауыспен оқып беру, кейіпкерлерді еске түсіру.	**«Жақсы сөз – жанға жылу»** – отбасы, достық, қамқорлық туралы шағын шығарма оқу, жылы сөздерді еске түсіріп, тыныш ұйқыға бейімдеу.	**«Бесік жырымен тынығу»** – қазақтың бесік жырын баяу тыңдату, ұлттық мұраға қызығушылық қалыптастырып, жайлы ұйқыға жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу	**Тақырыбы: «Көгөністер әлемі» Міндеті:** көгөністердің пішіні, көлемі мен түсін ажыратып, шығармашылық	**Тақырыбы: «Менің балабақшам» Міндеті:** балабақша туралы түсініктерін шығармашылық әрекет арқылы кеңейтіп, сюжеттік композиция	**Тақырыбы: «Төрт түлік» Міндеті:** төрт түлік туралы түсініктерін кеңейтіп, жануарлардың өзіне тән дене ерекшеліктерін	**Тақырыбы: «Мамандықтар қаласы» Міндеті:** әртүрлі мамандықтарға қызығушылықтарын арттырып, еңбек құралдарын бейнелеу	**Тақырыбы: «Қауіпсіз көше» Міндеті:** жол қозғалысы туралы түсініктерін шығармашылық әрекеттермен бекітіп, заттарды кеңістікте

іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	жұмыста бейнелей білу дағдыларын жетілдіру. **Сурет салу:** «Бақшадағы көгөністер» – сәбіз, қызанақ, қияр, асқабақты өзіне тән пішіні мен түсін сақтап салып, бақша көрінісімен толықтыру. **Мүсіндеу:** «Көгөністер себеті» – ермексазды домалату, созу, жалпақтау тәсілдерімен әртүрлі көгөністерді мүсіндеу. **Жапсыру:** «Көгөністер салынған табақ» – түрлі түсті қағаздан көгөніс пішіндерін қиып, көлеміне қарай орналастырып жапсыру.	құрастыру дағдыларын дамыту. **Сурет салу:** «Біздің балабақша» – балабақша ғимаратын салып, ауласына ағаш, гүл, ойын алаңын орналастырып сюжеттік сурет жасау. **Мүсіндеу:** «Ойын алаңындағы доптар» – ермексазды домалату және жалпақтау тәсілдерімен әртүрлі көлемдегі доптарды мүсіндеу. **Жапсыру:** «Балабақша қоршауы» – қағаздан қысқа және ұзын жолақтарды қиып, оларды ретімен орналастырып қоршау бейнесін жапсыру.	шығармашылық жұмыста бере білуге үйрету. **Сурет салу:** «Жайлаудағы төрт түлік» – жылқы, қой бейнелерін салып, тау, шөп, күн, бұлт арқылы сюжеттік композицияны толықтыру. **Мүсіндеу:** «Құлыншақ» – ермексазды домалату, созу, шымшу және біріктіру тәсілдерімен құлынның дене бөліктерін мүсіндеу. **Жапсыру:** «Жайлаудағы киіз үй» – қағаздан қажетті пішіндерді қиып, киіз үй бейнесін құрастырып, қарапайым оюлармен безендіру.	арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Сурет салу:** «Мен болашақта кім боламын?» – таңдаған мамандық иесін өзіне тән киімі және еңбек құралдарымен бейнелеу. **Мүсіндеу:** «Аспаздың ыдыстары» – ермексазды домалату, жалпақтау, шымшу тәсілдері арқылы қазан, кесе, тәрелке мүсіндеу. **Жапсыру:** «Дәрігердің қобдишасы» – түрлі түсті қағаздан қажетті пішіндерді қиып, дәрігер қобдишасының бейнесін құрастырып жапсыру.	дұрыс орналастыра білуге үйрету. **Сурет салу:** «Бағдаршам және жаяу жүргінші» – жол, бағдаршам, жаяу жүргіншілер өткелі мен көліктерді парақ бетіне дұрыс орналастырып салу. **Мүсіндеу:** «Бағдаршам» – ермексазды домалату, жалпақтау және біріктір арқылы бағдаршам бейнесін мүсіндеу. **Жапсыру:** «Жаяу жүргіншілер өткелі» – а және қара қағаз жолақтарын түзу сызық бойымен қиып, кезектестіріп орналастырып жапсыру.
Балалармен жеке жұмыс	**«Кім не істейді?»** – таныс кейіпкерлердің әрекетін атап, етістіктерді дұрыс қолдануға жаттықтыру. *Әділбек Аделя*	**«Қандай?»** – заттардың түсін, көлемін, пішінін сипаттайтын сөздерді айтқызу, сөздік қорын дамыту. *Мурат Айтөре*	**«Ертегіні жалғастыр»** – таныс ертегіден қысқа үзінді айтып, әрі қарай қарапайым сөздермен жалғастыруға ынталандыру. *Емел Тоғжан*	**«Сұраққа жауап бер»** – «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Не істеді?» сұрақтарына қысқа жауап беруге жаттықтыру. *Скендір Амира*	**«Мен айтып беремін»** – таныс сурет бойынша 2–3 сөзден сөйлем құра өз ойын айтуға ынталандыру. *Мұратбек Бағым*
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				

Серуен	**Серуен картотекасы кешкі №16 «Бұлттарды бақылаймыз» –** аспандағы бұлттардың қозғалысын бақылап, табиғат құбылысына қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын:** «Бұлт пен күн». Белгі бойынша қозғалып, тоқтауға жаттықтыру. **Еңбек:** ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау. **Қауіпсіздік:** алаңнан алыс кетпеу, бір-бірін итермеу.	**Серуен картотекасы кешкі №17 «Жапырақтар сыбдыры» –** жапырақтардың түсі мен көлемін қарастырып, желдегі қозғалысын бақылау. **Қимылды ойын:** «Жапырақты тап». **Еңбек:** түскен жапырақтарды себетке жинау. **Қауіпсіздік:** белгісіз өсімдіктерді ұстамау, жапырақты ауызға салмау.	**Серуен картотекасы кешкі №18 «Құстарға қараймыз» –** ауладағы құстардың қозғалысын, дыбысын бақылау, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Торғайлар». Жеңіл жүгіруге, белгі бойынша тоқтауға жаттықтыру. **Еңбек:** тәрбиешімен бірге жемсалғышты реттеу. **Қауіпсіздік:** құстарды қумау, ұстамау.	**Серуен картотекасы кешкі №19 «Кешкі самал» –** желдің бетке, киімге әсерін сезіну, ауа қозғалысын байқау. **Қимылды ойын:** «Лентаны қуып жет». **Еңбек:** серуен құралдарын реттеп қою. **Қауіпсіздік:** жүгіру кезінде арақашықтық сақтау, лентаны бір-біріне орамау.	**Серуен картотекасы кешкі №20 «Таза алаңда ойнаймыз» –** серуен алаңын таза ұстау, ортақ мүлікке ұқыпты қарау дағдысын бекіту. **Қимылды ойын:** «Өз орныңды тап». **Еңбек:** доптар мен ойыншықтарды орындарына жинау. **Қауіпсіздік:** ойыншықтарды лақтырмау, ойын кезінде кезек сақтау.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Заң және тәртіп «Кезегімді күтемін» Міндеті:** ортақ әрекет кезінде кезек сақтау және келісілген ережелерді орындау дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** «Кімнен кейін?» ойынында балалар ойын құралдарын кезекпен пайдаланады. Бір-бірін асықтырмай, өз кезегін күтеді. **Орындалуы:** кезек	**Салауатты өмір салты «Пайдалы ас мәзірі» Міндеті:** пайдалы және құнарлы тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. **Барысы:** «Денсаулық тәрелкесі» ойынында көкөніс, жеміс, сүт өнімдері, су сияқты пайдалы тағамдарды таңдайды. Олардың ағзаға пайдасы туралы қарапайым әңгіме жүргізіледі. **Орындалуы:** пайдалы тағамдарды ажыратып, дұрыс	**Буллингтің алдын алу «Досымды тыңдаймын» Міндеті:** құрдастарын тыңдауға, олардың сезімдері мен пікірлерін құрметтеуге баулу. **Барысы:** балалар жұппен сөйлесіп, біреуі айтып жатқанда екіншісі мұқият тыңдайды. «Досым көңілсіз болса...» жағдаятында жұбату, жылы сөз айту, көмек ұсыну жолдарын көрсетеді.	**Қауіпсіздік «Су мен электрден сақтан» Міндеті:** тұрмыстағы су және электр қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін меңгерту. **Барысы:** «Болады – болмайды» ойынында розеткаға қол тигізу, электр құралдарын рұқсатсыз қосу, су қолмен электр заттарын ұстау сияқты жағдайларды ажыратады. **Орындалуы:** қауіпті	**Заң және тәртіп «Жауапты балақай» Міндеті:** өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға және қоғамдық мүлікті ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Барысы:** «Менің жауапкершілігім» ойынында ойыншықты орнына қою, кітапты жыртпау, үстелді бүлдірмеу, өсімдіктерді күту сияқты әрекеттерді талқылайды. Ортақ заттарды

	тәртібін сақтап, ортақ ережеге сәйкес әрекет етеді.	тамақтанудың денсаулыққа қажеттігін түсінеді.	**Орындалуы:** досын тыңдап, сезіміне құрметпен қарап, мейірімді қарым-қатынас жасайды.	әрекеттерді танып, электр құралдарын тек ересектердің көмегімен пайдалану керектігін түсінеді.	пайдаланғаннан кейін орнына қоюды тәжірибеде орындайды. **Орындалуы:** ортақ мүлікке ұқыпты қарап, өз әрекетіне жауапкершілік танытуға талпынады.
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.	Қауіпсіз серуен туралы еске салу.	Апталық жетістіктері туралы ата-анамен қысқаша пікір алмасу.

Тәрбиеші: Назым Кайсановна

Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 3-апта
Ересек 5-жас

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.09.2026	Сейсенбі 15.09.2026	Сәрсенбі 16.09.2026	Бейсенбі 17.09.2026	Жұма 18.09.2026
Балаларды қабылдау	**«Қайырлы таң, балабақшам!» –** балабақшаға келгендегі көңіл күйі мен бүгін не істегісі келетіні туралы әңгімелесу. «Бүгін мен...» сөйлемін жалғастырып, өз ойын еркін жеткізуге ынталандыру. **«Жылы сөздер таңғы шеңбері» –** бір-бірімен жылы амандасу, құрдасына жақсы тілек айту. «Мен бүгін қуаныштымын, өйткені...» сөйлемін жалғастырып, өз ойын еркін жеткізу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгіме:** Баланы ойыншықтарын жинауға және қарапайым еңбекке қатыстыру. **Кеңес:** Табиғатты аялау мен тазалық сақтау дағдыларын отбасында қалыптастыру. **Кеңес:** Баланың кітапқа қызығушылығын арттыру. **Әңгіме:** Ұйықтар алдында баламен қысқа ертегі оқып, суреттерін бірге талқылаудың пайдасы.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Таза Қазақстан Жасыл аула сақшылары» Міндеті:** аула тазалығын сақтауға, өсімдіктерге күтім жасауға, ортақ еңбекке жауапкершілікпен қатысуға баулу. **Барысы:** балалар аула аумағын бақылап, қауіпсіз табиғи	**Академиялық адалдық «Адал жауап беремін» Міндеті:** шындықты айтуға, өз әрекеті үшін жауапкершілік алуға, тапсырманы өздігінен орындауға тәрбиелеу. **Барысы:** «Не істер едің?» жағдаяттық ойыны: «Ойыншықты байқамай сындырдың», «Досыңның затын тауып алдың», «Тапсырманы орындауға	**Ұлттық құндылық «Ою-өрнек әлемі» Міндеті:** қазақтың ұлттық ою-өрнектеріне қызығушылығын арттыру, ұлттық мұраны құрметтеуге және қол еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Барысы:** балалар қарапайым ою үлгілерін қарастырады, ұқсас оюларды	**Таза Қазақстан «Суды үнемдейік» Міндеті:** судың табиғаттағы маңызын түсіндіру, табиғи ресурсты үнемдеуге және еңбек барысында суды тиімді пайдалануға үйрету. **Барысы:** «Су қайда қажет?» әңгімесі өткізіледі. Балалар өсімдіктердің топырағын тексеріп, су	**Ұлттық құндылық «Бірлік бар жерде – тірлік бар» Міндеті:** бірлескен еңбек арқылы өзара көмек, әділдік, жауапкершілік және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. **Барысы:** балалар шағын топтармен «Киіз үйді құрастыр», «Ұлттық бұйымдарды ретте», «Асықтарды жина және

	қалдықтарды жинайды, гүлзар айналасын ретке келтіреді, қураған жапырақтарды сұрыптайды. **Орындалуы:** тазалықты сақтайды, еңбек міндетін соңына дейін орындап, құралдарды орнына жинайды.	үлгермедің» жағдайлары талқыланады. Балалар адал шешімдерін айтады. **Орындалуы:** шындық пен адал әрекетті ажыратады, өз шешімін түсіндіруге тырысады.	жұптайды. Дайын ою элементтерімен қағаздан жасалған көрпешені безендіреді. **Орындалуы:** ұлттық оюларды тануға талпынады, оларды ретімен орналастырады, өз және достарының жұмысын құрметтейді.	қажет өсімдіктерді мөлшермен суарады. Артық су құймау жолдары талқыланады. **Орындалуы:** суды қажетіне қарай пайдаланады, өсімдіктерге күтім жасайды, суды босқа ағызбау керектігін түсінеді.	сана» тапсырмаларын орындайды. Әр балаға нақты міндет беріледі, тапсырманы бір-бірінің орнына орындамай, қажет кезде көмектеседі. **Орындалуы:** ортақ іске өз үлесін қосады, міндетін адал орындайды, достарының еңбегін құрметтеп, ұлттық құндылықтарға қызығушылық танытады
Таңертенгі жаттығу	**№11 «Сергек бастаймыз»**: саппен жүру; аяқтың ұшымен және өкшемен кезектесіп жүру; тізені жоғары көтеру; қолды жоғары созып керілу; денені оңға-солға бұру; қос аяқпен алға жылжып секіру.	**№12 «Епті қимылдар»**: бірінің артынан бірі жүру; ирек бағытпен жүру; жеңіл жүгіру; қолды екі жаққа созып айналдыру; алға-төмен еңкею; жартылай отырып-тұру; қос аяқпен жан-жаққа секіру.	**№13 «Шынығамыз бірге»**: шеңбер бойымен жүру; аяқ ұшымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; жүру мен жүгіруді алмастыру; қолды жоғары-төмен түсіру; денені жанға ию; аяқтарды алшақ қойып секіру.	**№14 «Қимылдаймыз шапшаң»**: бағытты өзгертіп жүру; өкшемен жүру; жеңіл жүгіру; қолды иыққа қойып айналдыру; денені алға және екі жаққа еңкейту; отырып-тұру; оңға-солға қос аяқпен секіру.	**№15 «Көңілді балақайлар»**: саппен жүру; жылдам және баяу қарқында жүру; аяқ ұшымен жүру; қолды алға, жоғары және екі жаққа созу; денені бұру; кезекпен бір аяқпен және қос аяқпен секіру; тыныс алу жаттығуы «Гүлді иіскейміз».
Таңғы ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Саусақ ойыны:** «Саусақтар амандасады». Саусақ қимылдарын үйлестіру, ұсақ мотериканы дамыту.	**Қимылды ойын:** «Түсіңді тап». Белгі бойынша қозғалып, берілген түстегі орынды табуға жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын:** «Артық – кем». Заттарды салыстырып, қарапайым айырмашылығын анықтауға үйрету.	**Тілдік ойын:** «Суретте не бар?». Суреттегі таныс заттарды атап, қысқа сөйлеммен айтуға ынталандыру.	**Танымдық ойын:** «Дене мүшелерін көрсет». Өзінің дене мүшелерін дұрыс атап, көрсетіп, кеңістікте бағдарлау дағдысын дамыту.

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Қазақ тілі: «Санаймыз және салыстырамыз» Міндеті:** жаңылтпашты анық әрі жылдам айтуға, 7 санының пайда болуын түсінуге, заттардың ұзындығы, биіктігі, ені мен жуандығын салыстыруға, бояуларды үйлестіруге және әнді дұрыс орындауға үйрету. **Барысы:** көгөністер туралы қысқа жаңылтпашты алдымен баяу, кейін жылдам қайталау және жатқа айту. Көгөністі 2–3 сөйлеммен сипаттау. **Математика:** 6 затқа бір зат қосып 7 санын шығару; 0–7 аралығында тура және кері санау. 5 және одан артық затты ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша салыстыру. **Сурет салу:** «Бақшадағы өнімдер» – өсімдіктерді қарапайым қалыпта	**Дене тәрбиесі: Тақырыбы: «Туған өлкенің табиғаты» Міндеті:** тірі және өлі табиғатты ажыратуға, туған өлке өсімдіктерін сипаттауға, заттардың шамасын салыстыруға, шығармашылық әңгімелеуге және таза ауадағы жаттығуларды қауіпсіз орындауға үйрету. **Барысы:** таза ауада баяу жүгіру, аяқ басына басып қысқа қадамдар жасау, кедергілер арасымен қауіпсіз қозғалу. **Тіл дамыту:** ағаш, бұта, гүл, шөп туралы әңгіме құрау; **ж-ш** дыбыстарын анық айту. «Менің сүйікті ағашым» тақырыбында жеке пікір білдіру. **Математика:** 5 және одан артық өсімдіктерді биіктігі, жуандығы, ұзындығы бойынша салыстыру; өсу және кему ретімен орналастыру. **Қоршаған әлем:** «орман», «шалғын», «бақша» ұғымдарын ажырату, туған өлкенің ағаштары, бұталары, гүлдері мен жеміс-	**Дене тәрбиесі: Тақырыбы: «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» Міндеті:** таза ауадағы қимылдарды қауіпсіз орындауға, табиғат туралы шығармаларды түсініп әңгімелеуге, заттарды шамасына қарай салыстыруға, туған өлкенің өсімдіктерін ажыратуға тәрбиелеу. **Барысы:** таза ауада аяқ басына басып, қысқа қадамдармен баяу жүгіру; белгі бойынша тоқтау, бағытты өзгерту. Алаңдағы қауіпсіздік ережесін сақтау. **Көркем әдебиет:** табиғат туралы өлең оқу, өлең мен әңгіменің ерекшелігін ажырату; көркем сөздер мен сипаттамаларды табу, мазмұны бойынша өз пікірін айту. **Математика:** 5 және одан артық ағаш немесе өсімдік бейнелерін биіктігі, ені, жуандығы бойынша салыстыру, өсу-кему ретімен орналастыру.	**Дене тәрбиесі: Тақырыбы: «Мектепке барар жол» Міндеті:** мектепке не үшін бару керектігін түсініп әңгімелеуге, шығарма оқиғаларын бірізділікпен жеткізуге, сөздің мағынасын түсінуге, спорттық құралдарды қауіпсіз пайдалануға үйрету. **Барысы:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігімен танысу; тізбекпен жүру, кедергілер арасымен қозғалу, заттарды аттап өту; залдағы қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Көркем әдебиет:** мектеп туралы қысқа әңгіме оқу. Кейіпкер әрекеттерін талқылап, «Ол неге мектепке барғысы келді?», «Сен оның орнында не істер едің?» сұрақтарына жауап беру; сюжетті ретімен қайталау. **Сауат ашу:** «мектеп», «кітап», «қалам» сөздерінің мағынасын түсіндіру; дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қаламды	**Музыка: Тақырыбы: «Ұлттық мұра – асыл қазына» Міндеті:** ұлттық өнерге қызығушылық қалыптастыру, сөздік қорын байыту, графикалық дағдыларын дамыту, қағаздан ұлттық бұйым құрастыруға және күй жанрын ажыратуға үйрету. **Барысы:** ұлттық домбырада орындалатын күйді тыңдау, күй жанрымен және домбыраның үнімен танысу. **Тіл дамыту:** домбыра, тақия, сәукеле, ою-өрнек сөздерін қолданып сөйлем құрау; заттардың қасиеті мен сапасын сипаттау; сұрақ қойып, әдепті диалог жүргізу. **Сауат ашу:** «тақия», «домбыра» сөздерінің мағынасын түсіну, дыбыстық талдау жасау, буындарға бөлу; толқынды және ирек сызықтарды арақашықтық сақтап жүргізу. **Сурет салу:** «Ұлттық оюлы тақия» – ою элементтерін үйлестіріп, қанық түстермен безендіру. **Құрастыру:** қағаз цилиндрден тақия жасап жіп және дайын ою-

	бейнелеу; акварельді сумен араластырып, қажетті түсті алу және түстерді	жидектері туралы әңгімелесу. **Орындалуы:** қауіпсіз жүгіреді, өсімдіктерді сипаттайды, ж-ш дыбыстарын дұрыс айтуға талпынады, заттарды шамасына қарай салыстырады, табиғатты қорғау қажеттігін түсінеді.	**Қоршаған әлем:** тірі және өлі табиғатты ажырату; ағаш, бұта, гүл, шөпті өсімдіктер мен жеміс-жидектерді атау; «орман», «шалғын», «бақша» ұғымдарын түсіндіру. **Орындалуы:** таза ауада қауіпсіз жүгіреді, шығарма жанрын ажыратады, өсімдіктерді шамасы бойынша салыстырады, тірі және өлі табиғатты, орман, шалғын, бақша ұғымдарын ажыратады.	дұрыс ұстап, толқынды және ирек сызықтарды үзбей жүргізу. **Қазақ тілі:** «Мен мектепке не үшін барамын?» тақырыбында сурет бойынша әңгіме құрау; әңгімені педагог бастаған жерден жалғастыру, сұрақтарға толық жауап беру. **Орындалуы:** қауіпсіздік ережесін сақтайды, мектеп туралы ойын толық сөйлеммен жеткізеді, әңгімені жалғастырады, сөз мағынасын түсініп, дыбыстарды ажыратады.	өрнек элементтерімен безендіру. **Орындалуы:** күйді қызығушылықпен тыңдайды, ұлттық бұйымдарды сипаттайды, сөздерді дыбыс пен буынға талдайды, оюды үйлестіріп салады, қағаздан тақия құрастырад
Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				

Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы №21** **«Күн мен көлеңке»** **Міндеті:** табиғат құбылыстарын бақылауға қызығушылығын арттырып, күн мен көлеңке туралы түсінігін кеңейту. **Бақылау:** күн сәулесі түскен және көлеңкелі жерлерді бақылап, айырмашылығын анықтау. **Жасыл ел:** табиғат аясындағы өсімдіктерді таптамау, аула тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. **Еңбек:** серуен алаңындағы ойын құралдарын ретке келтіру. **Зерттеу тәжірибесі:** «Көлеңке қалай пайда болады?» – күн сәулесіне тұрып, өз көлеңкесін және әртүрлі заттардың көлеңкесін бақылау. **Қимылды ойын:** «Көлеңкеңді тап».	**Серуен картотекасы №22** **«Топырақтың қасиетін зерттейміз» Міндеті:** топырақтың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызын түсінуге, табиғатқа қамқорлықпен қарауға баулу. **Бақылау:** гүлзардағы топырақты қарап, оның түсін, құрғақ немесе дымқыл екенін анықтау. **Жасыл ел:** топырақты ластамау, өсімдіктер өсетін ортаны таза ұстау қажеттігін түсіндіру. **Еңбек:** гүлзардың айналасын ұсақ қоқыстардан тазарту. **Зерттеу тәжірибесі:** «Құрғақ және дымқыл топырақ» – топырақтарды ұстап көріп, түсі, жұмсақтығы және шашылуы бойынша салыстыру. **Қимылды ойын:** «Гүлдер мен көбелектер».	**Серуен картотекасы №23** **«Ауа райын бақылаймыз»** **Міндеті:** жел, бұлт, жаңбыр сияқты табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. **Бақылау:** аспанға қарап, күннің ашық немесе бұлтты екенін, желдің бар-жоғын анықтау. **Жасыл ел:** ауа мен қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын қарапайым түрде түсіндіру. **Еңбек:** алаңға түскен жапырақтар мен ұсақ бұтақтарды жинау. **Зерттеу тәжірибесі:** «Желдің күшін анықтайық» – қағаз таспаларды жоғары ұстап, олардың қозғалысын салыстыру. **Қимылды ойын:** «Бұлт пен жел».	**Серуен картотекасы №24** **«Су – тіршілік көзі»** **Міндеті:** судың адамға, өсімдіктер мен жануарларға қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру, суды үнемдеуге тәрбиелеу. **Бақылау:** ауладағы өсімдіктердің күйін бақылап, олардың өсуіне судың қажеттілігі туралы әңгімелесу. **Жасыл ел:** «Суды босқа ағызбаймыз» ережесін бекіту. **Еңбек:** гүлдер мен өсімдіктерді қажетті мөлшерде суару. **Зерттеу тәжірибесі:** «Не батады, не қалқиды?» – суға жапырақ, ұсақ тас, бұтақ салып, нәтижесін бақылау. **Қауіпсіздік:** тәжірибедегі суды ішпеу, суды төгіп ойнамау. **Қимылды ойын:** «Бұлақтан атта».	**Серуен картотекасы №25** **«Табиғатты қорғаймыз» Міндеті:** қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап еңбек етуге және жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **Бақылау:** серуен алаңы аралап, табиғи нысандар мен адам жасаған заттарды ажырату. **Жасыл ел:** «Табиғаттың досы қандай?» әңгімесі арқылы ағашты сындырмау, гүлді жұлмау, қоқыс тастамау ережелерін бекіту. **Еңбек:** алаңдағы жапырақтарды жинап, ойыншықтарды орындарына қою. **Зерттеу тәжірибесі:** «Табиғи және жасанды заттар» – тас, бұтақ, жапырақ, пластик және қағаз заттарды ажыратып, топтастыру. **Мінез-құлық ережесі:** ортақ аулаға, табиғатқа және өзгенің еңбегіне ұқыпты қарау.

					Қимылды ойын: «Табиғат достары».
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	**«Кітаппен тынығамыз» –** суретті кітаптан қысқа әңгіме оқып беру, таныс заттар мен кейіпкерлерді еске түсіріп, тыныш ұйқыға дайындау.	**«Әжемнің ертегісі» –** қазақ халық ертегісінен шағын үзінді мәнерлеп оқу, балалардың тыңдау дағдысын қалыптастырып, тыныңуға жағдай жасау.	**«Табиғат үні» –** табиғат туралы қысқа өлең оқып, таныс табиғат нысандарының атауларын еске түсіру, баяу әуенмен ұйқыға бейімдеу.	**«Мейірімді кейіпкерлер» –** қамқорлық пен достық туралы қысқа шығарма оқып беру, кейіпкерлердің жақсы әрекеттерін атап, тыныштыққа бағыттау.	**«Тәтті ұйқы ертегісі» –** балаларға таныс қысқа ертегіні баяу, мәнерлі дауыспен оқып беру, оқиға желісін еске түсіріп, жайлы ұйқыға жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы: «Жаңбырлы күн» Міндеті:** сюжеттік композиция құру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Сурет салу:** «Жаңбыр жауып тұр» – бұлттарды қайталап салып, жаңбыр тамшыларын, қолшатыр мен шалшықтарды бейнелеп, сюжеттік композиция жасау. **Мүсіндеу:** «Қолшатыр» – ермексазды домалату, жалпақтау, созу және біріктіру тәсілдері арқылы қолшатыр мүсіндеу. **Жапсыру:** «Жаңбыр тамшылары» – қағазды түзу сызық бойымен қысқа жолақтарға қиып, тамшыларды ретімен орналастырып жапсыру.	**Тақырыбы: «Бақшадағы көкөністер» Міндеті:** әртүрлі тәсілдерді қолданып бейнелер жасау дағдыларын жетілдіру. **Сурет салу:** «Көкөніс бақшасы» – сәбіз, қызанақ, қиярды қайталап салып, қасына жапырақ, қоршау, күн бейнелерін қосу. **Мүсіндеу:** «Көкөністер» – ермексазды домалату, созу, жалпақтау тәсілдерімен сәбіз, қызанақ және қияр мүсіндеу. **Жапсыру:** «Бақша қоршауы» – қағаздан қысқа және ұзын жолақтарды түзу сызық бойымен қиып, қоршау бейнесін жапсыру.	**Тақырыбы: «Әдемі қала» Міндеті:** заттардың көлемі мен бір-біріне арақатынасын бейнелеуге үйрету. **Сурет салу:** «Қала көшесі» – үлкен және кіші үйлерді қайталап салып, қасына ағаштар, жол, көліктер бейнелеу. **Мүсіндеу:** «Биік үйлер» – пластикалық кесектерді жалпақтау, созу және біріктіру арқылы әртүрлі көлемдегі үйлерді мүсіндеу. **Жапсыру:** «Қаладағы жолдар» – қағаздан ұзын жолақтарды түзу сызық бойымен қиып, оларды қағаз бетіне орналастырып жапсыру.	**Тақырыбы: «Ұлттық дастархан» Міндеті:** шығармашылық әрекет арқылы ұлттық бұйымдарға қызығушылығын дамыту. **Сурет салу:** «Дастарханды безендіреміз» – дастархан бейнесіне қарапайым ұлттық өрнек элементтерін қайталап салу. **Мүсіндеу:** «Тостаған» – ермексазды домалату, ойық жасау, шымшу және тегістеу тәсілдері арқылы тостаған мүсіндеу. **Жапсыру:** «Оюлы жолақ» – қағазды түзу сызық бойымен қысқа жолақтарға қиып, оларды кезектестіріп орналастыру арқылы дастархан жиегін безендіру.	**Тақырыбы: «Ғарыш әлемі» Міндеті:** қиялын дамытып, шығармашылық жұмыста өз ойын бейнелеуге мүмкіндік беру. **Сурет салу:** «Ғарыштағы зымыран» – зымыранды салып, онын қасына жұлдыздар, ай мен ғаламшарларды орналастырып сюжеттік композиция жасау. **Мүсіндеу:** «Зымыран» – ермексаз кесектерін домалату, созу, жалпақтау және біріктіру тәсілдері арқылы зымыран мүсіндеу. **Жапсыру:** «Жұлдызды аспан» – қағазды түзу сызық бойымен қысқа және ұзын жолақтарға қиып, оларды шығармашылықпен орналастырып ғарыштық композицияны толықтыру.
Балалармен жеке жұмыс	**«Суреттен таны» –** суреттегі таныс заттарды атату, 2–3 сөзден қарапайым сөйлем құрату. *Мұратбек Балым*	**«Ертегі кейіпкерін ата» –** таныс ертегі суреттерін көрсетіп, кейіпкерлерді атату және әрекетін айтқызу. *Қалдықожа Ерсайын*	**«Сөзді қайтала» –** күнделікті қолданылатын сөздерді анық айтқызу, сөздік қорын белсендіру. *Абайсерикова Раяна*	**«Сурет бойынша айт» –** суреттен көргенін 1–2 сөйлеммен сипаттауға ынталандыру. *Шарова Найма*	**«Жылы сөздер» –** «рақмет», «өтінемін», «дос», «көмектесемін» сөздерін дұрыс қолдануға жаттықтыру. *Зиядилла Томирис*
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру.				

	Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы кешкі №26** **«Күннің жылуын сеземіз»** – күн сәулесінің жылуын сезініп, күн мен көлеңкені ажыратуға ынталандыру. **Қимылды ойын:** «Күн мен көлеңке». Белгі бойынша орын ауыстыруға жаттықтыру. **Еңбек:** ойын құралдарын жинап, орнына қою. **Қауіпсіздік:** күн астында ұзақ тұрмау, тәрбиешіден алыс кетпеу.	**Серуен картотекасы кешкі №27** **«Тастарды зерттейміз»** – қауіпсіз тастарды қарап, үлкен-кіші, тегіс-кедір-бұдыр екенін ажырату. **Қимылды ойын:** «Тастан аттап өт». Қимыл үйлесімділігін дамыту. **Еңбек:** тастарды белгіленген орынға жинау. **Қауіпсіздік:** тасты лақтырмау, ауызға салмау.	**Серуен картотекасы кешкі №28** **«Гүлдерді аялаймыз»** – гүлдердің түсін, пішінін бақылап, өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Гүлдер мен көбелектер». **Еңбек:** гүлзар маңындағы жапырақтарды жинау. **Қауіпсіздік:** гүлдерді жұлмау, белгісіз өсімдіктерді ұстамау.	**Серуен картотекасы кешкі №29** **«Құммен тәжірибе»** – құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын байқап, қарапайым пішін жасап көру. **Қимылды ойын:** «Ізбен жүрейік». **Еңбек:** құм ойыншықтарын жинап, реттеу. **Қауіпсіздік:** құмды шашпау, көзге және ауызға тигізбеу.	**Серуен картотекасы кешкі №30** **«Таза аула – ортақ үйіміз»** – серуен алаңының тазалығына назар аударып, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Таза жерді тап». **Еңбек:** түскен жапырақтарды жинап, алаңды реттеуге көмектесу. **Қауіпсіздік:** белгісіз қоқысты ұстамау, байқаса тәрбиешіге айту.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Буллингтің алдын алу «Бәріміз біргеміз» Міндеті:** әр баланы құрметтеуге, ешкімді ойыннан шеттетпеуге, достық пен өзара көмекті қалыптастыруға баулу. **Барысы:** «Ойынға бірге қосайық» жағдаяттық ойынында жалғыз	**Қауіпсіздік «Бейтаныс адаммен сөйлеспейміз» Міндеті:** бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін меңгерту. **Барысы:** «Не істер едің?» ойынында бейтаныс адамның тәтті ұсынуы, бірге жүруге шақыруы, ата-анасын тауып беруді	**Заң және тәртіп «Ортақ затқа ұқыпты боламыз» Міндеті:** балабақшадағы ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарауға, белгіленген тәртіп пен ережелерді сақтауға тәрбиелеу. **Барысы:** «Кім дұрыс әрекет етті?» ойынында кітапты жырту,	**Қауіпсіздік «Жолдан дұрыс өтеміз» Міндеті:** жол қозғалысының қауіпсіздік ережелерін бекітіп, бағдаршам мен жаяу жүргіншілер өткелін дұрыс қолдануға үйрету. **Барысы:** «Бағдаршам» қимылды ойынында қызыл, сары, жасыл	**Салауатты өмір салты «Пайдалы тағамды таңдаймыз» Міндеті:** денсаулыққа пайдалы тағамдар туралы түсініктерін кеңейтіп, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** «Пайдалы – пайдасы аз» ойынында жемістер, көгөністер, сүт өнімдері

	қалған баланы ортақ ойынға шақыру жолдарын ұсынады. «Жылы сөздер» ойынында бір-біріне жағымды сөздер айтады. «Досыма көмектесемін» рөлдік ойыны ұйымдастырылады. **Орындалуы:** құрдастарын ойынға шақырады, мазақтау мен шеттетудің дұрыс емес екенін түсінеді, бір-біріне көмектесуге талпынады.	ұсынуы сияқты жағдаяттар талқыланады. Балалар бейтаныс адаммен бірге кетпеу, ештеңе алмау, қауіпсіз жерде қалып, сенімді ересекке хабарлау әрекеттерін рөлдік ойын арқылы бекітеді. **Орындалуы:** бейтаныс адаммен бірге кетуге және одан зат алуға болмайтынын біледі, күмәнді жағдайда сенімді ересекке хабарлауға талпынады.	ойыншықты орнына қою, үстелді бүлдіру, құралды ұқыпты қолдану әрекеттерін салыстырады. Балалар кітаптарды реттеп, ойыншықтарды белгіленген орындарына орналастырады. **Орындалуы:** ортақ заттарды бүлдірмеу керектігін түсінеді, ойыншықтар мен кітаптарды ұқыпты пайдаланып, орнына жинайды.	түстерге сәйкес әрекет етеді. Макет арқылы тротуар, жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелін ажыратады. «Жолдан қалай өтеміз?» сюжетті-рөлдік ойынында ересекпен бірге белгіленген өткелден қауіпсіз өту әрекетін орындайды. **Орындалуы:** бағдаршам белгілерін ажыратады, жолды белгіленген жерден өту керектігін біледі, жол бойында қауіпсіздік ережесін сақтайды.	және тәтті тағамдардың суреттерін ажыратады. «Менің пайдалы ас мәзірім» үстел үсті ойынында пайдалы тағамдарды таңдайды. Тамақтанар алдында қол жуу, тағамды асықпай жеу туралы әңгімелеседі **Орындалуы:** пайдалы тағамдарды ажыратады, дұрыс тамақтану мен тазалықтың денсаулық үшін маңызын түсінеді.
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.	Қауіпсіз серуен туралы еске салу.	Апталық жетістіктері туралы ата-анамен қысқаша пікір алмасу.

Тәрбиеші:

Тәрбиеші:Назым Кайсановна

Тәрбиелеу білім беру процесі

2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 4-апта
Ересек 5-жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **21.09.2026**	**Сейсенбі** **22.09.2026**	**Сәрсенбі** **23.09.2026**	**Бейсенбі** **25.09.2026**	**Жұма** **26.09.2026**
Балаларды қабылдау	**«Менің сүйікті ісім» –** балалардың таңертеңгі көңіл күйін сұрап, балабақшада немен айналысқанды ұнататыны туралы әңгімелесу Өз қалауын толық сөйлеммен айтуға ынталандыру. **«Сыпайы сөздер әлемі» –** «Сәлеметсіз бе?», «Өтінемін», «Рақмет», «Кешіріңіз» сөздерін орынды қолдану. Құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Әңгіме:** Баланың құрдастарымен достық қарым-қатынасын қолдау. **Кеңес:** Үйде баланы өз бетінше әрекет етуге ынталандыру **Кеңес:** 3 жастағы баланың сөйлеу белсенділігін арттыру жолдары. **Әңгіме:** Баламен күнделікті суреттер бойынша сөйлесудің маңызы				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Таза Қазақстан «Табиғатты таза ұстаймыз» Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға, қоғамдық еңбекке белсенді қатысуға, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. **Барысы:** балалар ауладағы тазалықты	**Академиялық адалдық «Өз қатемді мойындаймын» Міндеті:** өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға, қатесін жасырмай айтуға, оны түзету жолын табуға үйрету. **Барысы:** «Қалай дұрыс әрекет етеміз?» жағдаяттық ойыны өткізіледі:	**Ұлттық құндылық «Асық ойнаймыз – ереже сақтаймыз» Міндеті:** ұлттық ойынға қызығушылығын арттыру, әділ ойнауға, кезек сақтауға және құрдастарын құрметтеуге баулу. **Барысы:** асықтардың	**Таза Қазақстан «Қағазға екінші өмір сыйлайық» Міндеті:** қағазды үнемді пайдалануға, қалдықты сұрыптауға, қайта қолдануға болатын материалдарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Барысы:** балалар таза қағаз қиындыларын	**Ұлттық құндылық академиялық адалдық «Адал еңбек – абырой» Міндеті:** еңбекті құрметтеуге, тапсырманы өз күшімен орындауға, ұлттық мұраға ұқыпты қарауға және ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

	бақылап, қауіпсіз табиғи қалдықтарды жинайды. Жапырақ пен бұтақтарды бөлек сұрыптап, белгіленген орынға орналастырады. **Орындалуы:** тазалық жұмысына қатысады, қалдықтарды ажыратады, еңбек құралдарын ұқыпты пайдаланып, орнына қояды.	тапсырманы қате орындау, ойыншықты орнына қоймау, досының затын рұқсатсыз алу жағдайлары талқыланады. Балалар дұрыс шешім ұсынады. **Орындалуы:** өз қатесін мойындаудың адалдық екенін түсінеді, дұрыс әрекетті таңдап, қатесін түзетуге талпынады.	атауы мен ерекшелігін қарастырады. «Кім мерген?» ойынын кезекпен ойнап, нәтижесін бірге санайды. Ойын соңында асықтарды жинайды. **Орындалуы:** ұлттық ойынға қатысады, ережені сақтайды, нәтижесін адал айтады, жеңіске де, жеңіліске де дұрыс көзқарас танытады.	жинап, көлемі мен түсіне қарай сұрыптайды. Жарамды қағаз бөліктерінен ортақ **«Жасыл әлем»** коллажын жасайды. Жұмыс орнын ретке келтіреді. **Орындалуы:** қағазды босқа тастамауға тырысады, материалдарды сұрыптайды, ортақ еңбекке өз үлесін қосады.	**Барысы:** балалар «Ұлттық бұйымдар бұрышын» реттейді: домбыра, сандық, тақия, асық бейнелерін тиісті орындарына орналастырады. Әр бала өзіне берілген міндетті орындайды. Соңында «Мен не істедім?», «Ортақ жұмысқа қандай үлес қостым?» сұрақтарына жауап береді. **Орындалуы:** өз міндетін адал атқарады, еңбек нәтижесін бағалайды, ұлттық құндылықтарды құрметтеп, ортақ мүлікк ұқыпты қарайды.
Таңертенгі жаттығу	**№16 «Қадамымыз нық»**: бірінің артынан бірі жүру; аяқ ұшымен және өкшемен жүру; тізені жоғары көтеру; қолды алға созып айқастыру; денені оңға-солға бұру; жартылай отырып-тұру; қос аяқпен алға жылжып секіру.	**№17 «Шапшаң әрі епті міз»**: шеңбер бойымен жүру; бағытты өзгертіп жүру; жеңіл жүгіру; қолды жоғары көтеріп керілу; қолды иыққа қойып айналдыру; аяққа қарай еңкею; қос аяқпен алға-артқа секіру.	**№18 «Кедергіден өтеміз»**: саппен жүру; ирек бағытпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; бірқалыпты жүгіру; қолды екі жаққа созу; отырып-тұру; едендегі сызықтан қос аяқпен алға және артқа секіру.	**№19 «Сымбатты балақай»**: қолды белге қойып аяқ ұшымен жүру; өкшемен жүру; жүру мен жүгіруді алмастыру; қолды жоғары созып керілу; денені алға және жанға ию; аяқ ұшына көтерілу; кезекпен оң және сол аяқпен секіру.	**№20 «Бірге шығамыз»**: саппен жылдам және баяу жүру аяқ ұшымен жеңіл жүгіру; тізені жоғары көтеріп жүру; қолды алға, жоғары, екі жаққа созу; денені оңға-солға бұру; отырып-тұру; қос аяқпен оңға-солға секіру тыныс алу жаттығуы «Жел соғады».
Таңғы ас	Тағамды асықпай жеуге, жақсылап шайнауға, қасықты дұрыс пайдалануға және тамақтану кезінде ұқыптылық сақтауға баулу. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, майлықпен аузын сүртуге, орнын таза қалдыруға және **«рақмет»** айтуға үйрету				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Саусақ ойыны:** «Қуырмаш». Саусақтардың ұсақ қимылдарын жетілдіру, қимылды сөзбен үйлестіру.	**Қимылды ойын:** «Құстар ұшады». Белгі бойынша жүру, жүгіру және қол қимылдарын орындауға жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын:** «Ұзын жол – қысқа жол». Жолақтарды ұзындығына қарай салыстырып, ұзын және қысқа ұғымдарын бекіту.	**Зерттеу ойыны:** «Қайсысы ауыр?». Екі затты қолмен ұстап байқап, ауыр және жеңіл заттарды ажыратуға ынталандыру.	**Құрастыру ойыны:** «Досыма үйшік». Конструктор бөлшектерін дұрыс орналастырып, қарапайым үйшік құрастыруға жаттықтыру.
